

БЕКІТІЛДІ
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»
акционерлік қоғамы
акционерлерінің жалпы жиналысы
2007 жылғы 30 қазандағы хаттама

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Астана 2007 жыл

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Қоғам) басқару орган ретінде директорлар кеңесінің қызмет ету процедурасын нақтылайды.
- 1.2. Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) және Қоғамды ұжымдық басқару кодексine (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді.
- 1.3. Осы Ереже директорлар кеңесінің мақсаты мен қызметін, құрылу тәртібін, мәртебесі мен құрамын, директорлар кеңесіне мүшелердің құқықтары, міндеттемелері мен жауаптылығын, директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыруды және оның Қоғамның басқа органдарымен өзара әрекетін анықтайды.
- 1.4. Өз қызметінде директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғысын, Кодексін, осы Ережені және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
- 1.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғаммен қатынастары Қазақстан Республикасы заңнамалары, Жарғы, Кодекс және Қоғамның ішкі құжаттарының нормаларына негізделеді, сондай-ақ Қоғам атынан осыған Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен уәкілеттік берілген тұлға қол қоятын азаматтық-құқықтық шарттармен реттеледі.

2. Директорлар кеңесінің мақсаттары, қызмет ету қағидаттары мен қызметтері

- 2.1. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары Қоғамның қызметіне жалпы басшылық ету, акционерлер мүдделерінің іске асырылуын және құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету, Қоғам қызмет етуінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу, сондай-ақ өз құзыреті шеңберінде Қоғамды басқару қызметін бақылау болып табылады.
- 2.2. Директорлар кеңесінің қызмет ету мақсаттарын іске асыру үшін мына қағидаттарды жетекшілікке алады:
 - 1) Қоғам қызметі туралы шынайы және толық ақпаратты пайдаланып мәселелерді ұжымдық және тиісті талқылау негізінде шешімдер қабылдау;
 - 2) Қоғамды басқаруға қатысуға акционерлердің заңды мүдделері мен акционерлердің дивидендтер және Қоғам туралы ақпарат алуы құқықтарының шектелуін болдырмау;
 - 3) Қоғам акционерлерінің мүдделер теңгеріміне жетуін қамтамасыз ету және директорлар кеңесінің Қоғамның барлық акционерлерінің мүддесін қорғап барынша объективті шешім қабылдау;

- 4) Кодексте берілген басқа қағидаттар.
- 2.3. Директорлар кеңесінің негізгі қызметтеріне мыналар жатады:
- 1) Қоғам дамуының басым бағыттарын анықтау және Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді келешекке негізгі бағыттарын белгілеу;
 - 2) Нарықтық жағдайды, Қоғамның қаржылық жағдайы мен Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне әсер ететін басқа факторларды есепке алып бекітілген басым бағыттарды ұстануға объективті бағалау.
 - 3) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау, сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ осындай процедуралардың тиімділігі мен жетілдірілуіне талдау сияқты Қоғамның ішкі процедураларын бекіту.
 - 4) Ұжымдық дауларды шешу.
- 2.4. Директорлар кеңесінің айрықша құзыреті мәселелері Қоғам Жарғысымен анықталады.

3. Директорлар кеңесін құру

- 3.1. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.
- 3.2. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:
- 1) Акционерлер-жеке тұлғалар;
 - 2) Акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылатын тұлғалар;
 - 3) Басқа тұлғалар (Ереженің 3.3-тармағымен белгіленген шектеулерді есепке алып).
- 3.3. Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам акционерлері болып табылатын және акционерлер мүдделері өкілдері ретінде директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған тұлғалар қатарынан сайлана алады. Бұндай тұлғалар саны директорлар кеңесі құрамының жартысынан аса алмайды.
- 3.4. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кодекс ережелеріне сәйкес тәуелсіз директорлар деп танылатын директорлар кеңесіне мүшелер саны директорлар кеңесіне жалпы мүшелердің үштен бірінен кем бола алмайды. Тәуелсіз директорлар телефон бойынша конференция жолымен немесе жарғының «Директорлар кеңесі» 12-тарауының 12.3-тармағында көрсетілген қандай да бір мәселені қарастыру қажеттігі жағдайда Қоғамның қызметіне жалпы басшылық ету мәселелерін қарастыру үшін басқа үлгіде директорлар кеңесіне қалған мүшелерсіз жиналыс жасай береді.
- 3.5. Басқарма мүшелері, оның төрағасынан басқасы директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Бас директор (басқарма төрағасы) директорлар кеңесінің төрағасы, сондай-ақ директорлар кеңесі комитеттерінің кез келгенінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 3.6. Директорлар кеңесіне мүшелер саны тәуелсіз директорлардың үштен бірін қоса

кемі 8 (сегіз) адамды құрайды.

- 3.7. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі жалпы жиналыспен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі онда жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде бітеді.
- 3.8. Акционерлер күн тәртібіне мүшелерді сайлау туралы мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерге хабарлама жасалған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде кеңеске кандидаттар ұсыну туралы ұсыныстар енгізе алады.

Директорлар кеңесі акционерлер танысуы үшін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды дайындауды аяқтау күнінен кешіктірмей директорлар кеңесіне кандидаттар туралы ұсыныстарды, жиналысты өткізетін күннен 10 (он) күн бұрын енгізе алады.

- 3.9. Акционерлер тарапынан директорлар кеңесіне кандидаттар ұсыну туралы ұсыныстары мына жолдармен енгізіле алады:
 - 1) Пошта байланысымен Қоғам басқармасы орналасқан орын бойынша жіберіп;
 - 2) Қоғамның бас директорына (басқарма төрағасына) немесе Қоғамның ұжымдық хатшысына жоғарыда аталған тұлғалардың біреуінің жеке қолын қойып жеке тапсыру;Кандидаттарды ұсыну туралы ұсыныстар енгізу күні қоғам алған күн (оны поштамен жіберген жағдайда) немесе жеке тапсырған жағдайда алғаны туралы қол қойған күн анықталады.
- 3.10. Директорлар кеңесіне кандидаттарды ұсыну туралы ұсыныста (оның ішінде өзін ұсынған жағдайда) кандидатты ұсынатын акционердің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы, оған тиесілі акциялардың саны мен санаты (түрі), сондай-ақ кандидат туралы мынадай ақпарат көрсетіледі:
 - 1) Тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
 - 2) Білімі туралы мәліметтер (оқу мекемесінің атауы, аяқтаған күні, алған мамандығы), оның ішінде біліктілігін арттыру туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамға қауымдастықтығы туралы мәліметтер;
 - 4) Соңғы үш жыл ішінде кандидат атқарған жұмыстар орны мен лауазымдары, сондай-ақ соңғы бес жыл ішінде басқа заңды тұлғаларды басқару органдарында кандидат атқарған лауазымдар туралы мәліметтер;
 - 5) Оған тиесілі акциялар санын, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталында үлестері және/немесе пайларын көрсетіп акционері және/немесе қатысушысы кандидат болып табылатын заңды тұлғалар тізілімі;
 - 6) Қоғамның қауымдастырылған тұлғаларымен және контрагенттерімен кандидаттың қатынасы туралы мәліметтер;
 - 7) Заңнамамен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған сотталуының болуы туралы мәліметтер;
 - 8) Кандидаттың Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынылуына келісімі туралы мәліметтер.

Ұсынысқа қажет жағдайда тиісті ресімделген сенімхатты қоса беріп акционер немесе оның өкілі қол қоюы керек.

3.11. Қоғамның ұжымдық хатшысы кандидатты директорлар кеңесіне ұсыну туралы келіп түскен ұсынысты қарастыруы және жалпы жиналысқа олар бойынша мыналарға қатысты пікір білдіруі керек:

- 1) Ереженің 3.8-тармағымен белгіленген кандидатты ұсыну туралы ұсынысты беру мерзімінің сақталуы;
- 2) Ұсыныста көрсетілген кандидаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Кодекспен және осы ережемен Қоғамның директорлар кеңесіне мүшелерге қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- 3) Акционер (акционерлер) ұсыныстарының Жарғы және осы Ереже талаптарына сәйкестігі;
- 4) Ұсыныста тәуелсіз директор ретінде көрсетілген кандидаттың тәуелсіздігінің болуы.

3.12. Директорлар кеңесіне мүшелерді сайлау акционерлердің жалпы жиналысында жинақталған дауыс берумен жүзеге асырылады. Әр акционер оған тиесілі акциялар бойынша дауыстарын бір кандидатқа беруге немесе оларды директорлар кеңесіне мүшелікке бірнеше кандидаттар арасында таратуына құқылы болады.

3.13. Директорлар кеңесіне көп дауыс жинақтаған кандидаттар сайланды деп саналады. Егер екі немесе одан көп директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттар тең дауыс жинақтаса, қосымша дауысқа салу өткізіледі. Егер дауыс беру нәтижелері бойынша Ереженің 3.3-тармағының талаптары сақталмағаны анықталса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлер (немесе олардың өкілдері) арасында директорлар кеңесінің барлық мүшелері бойынша қайтадан дауыс беру белгіленеді. Егер төрт қайталанған дауыс беру нәтижесінде белгіленген талаптарды есепке алып директорлар кеңесін құру мүмкін болмаса, директорлар кеңесіне мүшелерді сайлау туралы мәселе келесі акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосылады, бұл жағдайда кандидаттарды ұсыну процедурасы осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

3.14. Ұжымдық хатшы директорлар кеңесіне жаңадан сайланған мүшелерге Қоғамда қолданыстағы директорлар кеңесінің және Қоғамның басқа органдарының қызмет ету ережелерін, Қоғамның ұйымдастыру құрылымын түсіндіреді, Қоғамның лауазымды тұлғалары туралы хабарлайды, Қоғамның ішкі құжаттарымен, жалпы жиналыс пен директорлар кеңесінің шешімдерімен таныстырады, олардың өз міндеттемелерін тиісті үлгіде орындауы үшін мәнге ие болатын басқа ақпаратты береді.

4. Директорлар кеңесіне мүшелер мәртебесі

4.1. Директорлар кеңесіне мына тұлға мүше бола алмайды:

- 1) Жоғары немесе орта арнайы білімі жоқ;
- 2) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіпте алынбаған сотталуы бар;

3) осы тұлғаның жұмыс істеуі кезінде банкрот деп танылған немесе консервациялауға, тазартуға, еріксіз таратуға түсірілген заңды тұлғаның басшы қызметкері (директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері) болып табылған тұлға. Көрсетілген талап банкрот деп тану, консервациялау, санация немесе еріксіз тарату туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл бойына қолданылады.

Бұрын мемлекеттік қызметкер болып табылған және өзінің қызметтік қызметтеріне орай мемлекет тарапынан Қоғам қызметіне бақылау және қадағалау бойынша уәкілеттілерге ие болған жеке тұлға осындай өкілеттіктері тоқтаған күннен бастап бір жыл бойына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлана алмайды.

- 4.2. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Жарғымен қарастырылмаған болса, шектеусіз рет қайта сайлана алады.
- 4.3. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің, сондай-ақ директорлар кеңесіне жеке мүшелердің барлық өкілеттіктерін мерзімінен тоқтату құқығына ие болады.
- 4.4. Директорлар кеңесіне мүшенің өз бастамасы бойынша өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуы директорлар кеңесіне жазбаша хабарлау негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесіне осындай мүше өкілеттіктері директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламаны алған сәтінен бастап тоқтатылады.
- 4.5. Директорлар кеңесіне мүшенің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтағаны жағдайда директорлар кеңесіне жаңа мүшені сайлау акционерлердің жалпы жиналысында берілген жиынтық дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл жағдайда директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері директорлар кеңесіне мүшелердің өкілеттік етуінің бүтін мерзімнің аяқталуымен бірге бітеді.
- 4.6. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналарға міндетті:
- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, жарғыда, Кодексте және Ережеде берілген талаптарды, адамгершілік қағидаттарын және іскерлік этика ережелерін акционерлер мен бүтін Қоғам мүдделерін ұстанып сақтап әділ, тиесілі және адал әрекет ету;
 - 2) Қоғамның директорлар кеңесіне мүше міндеттемелерін орындаумен байланысты оған белгілі болған Қоғам туралы ақпарат құпиялығын, Қоғамда жұмысын тоқтатқан сәттен бастап үш жыл бойына сақтауға;
 - 3) Қоғам жағдайына мониторинг өткізу және Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланыс ұстану;
 - 4) Мүшелері болып табылатын директорлар кеңесі комитеттерінің жиналыстары мен жұмысына қатысу
 - 5) Қоғам басқармасына директорлар кеңесінің жиналысына қатысу мүмкін болмайтыны жағдайда, келмеу себептерін көрсетіп алдын ала хабарлау;

- б) Тәуелсіз директорлар нәтижесінде олар тәуелсіз бола алмайтын іс-әрекеттен ұстануы керек. Егер жағдайлар өзгеруі нәтижесінде тәуелсіз директор ондай болудан қалса, ол 2 (екі) күн ішінде ол туралы директорлар кеңесіне жазбаша хабарлауы тиіс.
- 4.7. Директорлар кеңесінің мүшелері мүдделер қақтығысына қатысты мынадай ережелер мен талаптарды сақтауы керек:
- 1) Бірден жазбаша нысанда директорлар кеңесінің төрағасына Қоғаммен байланысты кез келген жеке коммерциялық немесе басқа мүдделелік (тіке немесе жанама) мәмілелері, шарттары, жобалары туралы, оның ішінде Қоғамның немесе оның қауымдастырылған ұйымдарының құнды қағаздарымен мәмілелер жасасу ниеті туралы хабарлауы, сондай-ақ осындай құнды қағаздармен ол жасаған мәмілелер туралы ақпаратты ашуы керек;
 - 2) Жеке немесе заңды тұлғалардан сыпайылықтың жалпы қабылданған ережелеріне сәйкес көңіл білдіру белгілері мен ресми іс-шаралар өткізу кезінде берілген кәдесыйлардан басқа оның лауазымдық қалпы шеңберінде директорлар кеңесінің мүшесі қабылдаған немесе жасаған шешімдер немесе іс-әрекеттері үшін сыйақылар ретінде қарастырыла алатын немесе болып табылатын сыйлықтар, қызметтер немесе қандай да бір артықшылықтарды жеке немесе заңды тұлғалардан алмауы;
 - 3) Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттемелерін орындаумен байланысты оған белгілі болған құпия, инсайдерлік және басқа ақпаратты осындай ақпаратқа қол жеткізуі жоқ тұлғаға жарияламауы, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшесі міндеттемелерін орындау кезеңінде және қоғамда жұмысын аяқтағаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өз мүддесінде немесе басқа үшінші тұлғалар мүддесінде пайдаланбауы;
 - 4) Қоғамның құпия ақпаратының сақталуы мен қауіпсіздік режимімен байланысты Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған барлық ережелер мен процедураларды сақтау.
- 4.8. Директорлар кеңесіне мүшелер олардың әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян, оның ішінде шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте Қоғам және акционерлер алдында жауапты болады.
- 4.9. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналарға құқылы болады:
- 1) Директорлар кеңесінің жиналысын өткізуді талап ету;
 - 2) Директорлар кеңесінің жиналыс хаттамасына күн тәртібі мәселелері және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Кодекспен және Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

5. Директорлар кеңесінің төрағасы

- 5.1. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері қатарынан директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауысқа салумен сайланады.

- 5.2. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және Кодекспен белгіленген тәртіпте:
- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
 - 2) Директорлар кеңесінің жиналысын өткізеді;
 - 3) Директорлар кеңесінің жиналысын шақырады және онда төрағалық етеді;
 - 4) Қоғам атынан бас директормен (басқарма төрағасымен) еңбек шартын бекітеді;
 - 5) Ішкі аудит қызметінің басшысының лауазымдық нұсқаулығын бекітеді.
- 5.3. Директорлар кеңесі төрағасының болмағаны жағдайда оның қызметін директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі жиналысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырады.

6. Директорлар кеңесінің жиналысы

- 6.1. Директорлар кеңесінің жиналысы ұтымдылық, тиімділік және жиілік қағидатынан шығып өткізіледі. Жиналыстар директорлар кеңесінің жиналысында бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жиі өткізілуі керек. Қажет жағдайда директорлар кеңесі жұмыс жоспарына қосылмаған мәселелерді қарастырады.
- 6.2. Тәуелсіз директорлар директорлар кеңесіне басқа мүшелердің қатысуынсыз өздерінің нақты міндеттемелерін тиімді орындау үшін жеткілікті түрде жиі өз жиналыстарын өткізуі керек.
- 6.3. Директорлар кеңесінің жиналысын өткізу ашық немесе сырттай нысанды қарастырады.
- 6.4. Директорлар кеңесі жиналысының ашық нысаны барынша тиімді ретінде Қоғам қызметінің түйінді мәселелері бойынша мәселелерді қарастыру және шешім қабылдау кезінде орынды болады. Ашық нысан жиналыста бірлесіп қатысу арқылы, сондай-ақ бейне конференция, телефон арқылы конференция байланыс немесе басқа да байланыс құралдары арқылы іске асырылады. Директорлар кеңесінің кез келген мүшелері ашық нысанда өткізілетін директорлар кеңесінің жиналысына жиналыстың барлық қатысушыларына бір бірін тыңдау және сөйлесуге мүмкіндік беретін телефон немесе басқа байланыс құралдары арқылы конференция-байланыс арқылы қатыса алады. Осы үлгімен қатысатын тұлға жиналысқа өзі қатысып отыр деп саналады және Жарғыға сәйкес дауыс беру құқығына және кворум анықтаған кезде есепке алына алады.
- 6.5. Қоғам қызметінің басым бағыттары туралы шешім қабылдаған кезде, директорлар кеңесінің жаңа төрағасын сайлаған кезде, сондай-ақ директорлар кеңесімен анықталатын басқа мәселелер бойынша директорлар кеңесінің сырттай жиналысын өткізу рұқсат етілмейді.

- 6.6. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен оны сайлаған күні өткізілетін директорлар кеңесінің бірінші жиналысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілуі міндетті болады:
- 1) Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
 - 2) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы.
- 6.7. Директорлар кеңесінің жиналысы оның төрағасының немесе басқармасының бастауымен немесе мыналардың талап етуі бойынша жинала алады:
- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
 - 2) Қоғамның ішкі аудит қызметі;
 - 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйым;
 - 4) ірі акционер.
- 6.8. Директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.
- 6.9. Директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талап мыналардан тұруы керек:
- 1) Директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талап қойған Қоғам органының не заңды тұлғаның атауы не бастамашының тегі, аты, әкесінің аты;
 - 2) Жиналыстың күн тәртібі;
 - 3) Күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар;
 - 4) Талапқа қол қоятын тұлғаның өкілеттіктерін растайтын сенімхат, хаттама немесе басқа құжаттар.
- Шақыру туралы талапта бастамашының қалауы бойынша басқа ақпарат, оның ішінде күн тәртібі мәселелері бойынша шешім жобалары болуы мүмкін.
- 6.10. Директорлар кеңесінің төрағасы мына жағдайлардан басқа кезде Қоғамның директорлар кеңесін шақырудан бас тартуға құқылы болады:
- 1) Жиналысты шақыру туралы талап Ережеге сәйкеспейді;
 - 2) Талап қойған тұлға директорлар кеңесі жиналысының шақырылуын талап ету құқығына ие емес;
 - 3) Егер директорлар кеңесі қарауға ұсынылатын мәселелер бойынша шешім директорлар кеңесінің құзыретіне жатпаса.
- 6.11. Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақыру туралы берілген талапты 3 (үш) күн ішінде қарауы және жиналысты шақыруды бастаушыға өз шешімін қабылдаған күннен бастап 2 (екі) күн ішінде қабылданған шешім туралы хабарлама жіберуі керек.
- 6.12. Директорлар кеңесі төрағасының директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талапты қанағаттандырғаны жағдайда ол жиналыс нысанын белгілеуі және ұсынылатын жиналыстың күн тәртібін толықтыруға құқылы.
- 6.13. Директорлар кеңесі төрағасының жиналысты шақырудан бас тартқаны

жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Қоғам басқармасына хабарласуға құқылы болады, ол директорлар кеңесінің жиналысын шақыруға міндетті болады.

- 6.14. Директорлар кеңесінің жиналысын директорлар кеңесінің төрағасы немес Қоғам басқармасы талап түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақырылуы керек. Директорлар кеңесінің осындай жиналысы жоғарыда көрсетілген талапты берген тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі.
- 6.15. Директорлар кеңесінің жиналысына Қоғам басқармасы немесе бас директоры (басқарма төрағасы) бастаған мәселелер бойынша материалды директорлар кеңесінің мүшесі ретінде дайындау мына тәртіпте Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшесімен жүзеге асырылады.
- 1) Директорлар кеңесінің шешім жобасы, оған осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба және директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселе бойынша басқа материалдарды осы мәселені шығаратын құрылымдық бөлімшемен бас директорының (басқарма төрағасының) тапсырмасы бойынша дайындалады;
 - 2) Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдардың әр бетіне Қоғамның бастамасы болып отырған құрылымдық бөлімшесінің орындаушысы қол қоюы керек.
 - 3) Директорлар кеңесінің шешім жобасына түсіндірме жазба мәтіні бес беттен аспауы керек;
 - 4) Директорлар кеңесінің шешім жобасы мен түсіндірме жазбаға мәселені қарауды бастаған құрылымдық бөлімше басшысы, құқықтық блок департаментінің, кеңесінің, құзыретіне осы мәселе кіретін құрылымдық бөлімше басшылары, сондай-ақ жоғарыда аталған құрылымдық бөлімшелерге жетекшілік ететін бас директорының орынбасарлары және/немесе Қоғамның меңгеруші директорлары қол қояды, содан кейін ағылшын тіліне аударылу үшін беріледі. Ағылшын тіліне аударылған материалдарға әр параққа аудармашы қол қоюы керек болады.
 - 4) Ұжымдық хатшы директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық материалдардың толықтығына тексеру жасайды, директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талап жобасын, сондай-ақ берілген материалдар негізінде директорлар кеңесінің жиналыс хаттамасы/шешім жобасын дайындайды және оларды қарастыруға бас директорға (басқарма төрағасына) жібереді.
 - 5) Бас директор (басқарма төрағасы) директорлар кеңесінің мүшесі сияқты директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талапқа және қарастырылатын мәселе бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды, осыдан кейін барлық материалдар белгіленген тәртіпте ұжымдық хатшы директорлар кеңесі төрағасының атына жібереді.
 - 6) Ұжымдық хатшы директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы директорлар кеңесі төрағасының қарары негізінде директорлар кеңесінің мүшелеріне жиналысты өткізу күнінен 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қоса беріп директорлар кеңесінің жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар жібереді. Директорлар кеңесінің жиналысын өткізу туралы хабарламада

жиналыстың өткізу күні, уақыты және орны, сондай-ақ оның күн тәртібінен тұруы керек.

- 6.16. Директорлар кеңесі жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Қоғамның коммерциялық құпиясынан тұратын ақпараттан, сондай-ақ мемлекеттік құпияға жатқызылған ақпараттан басқасы электрондық пошта арқылы жіберіле алады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды уақтылы беруге жауаптылық ұжымдық хатшыға жүктеледі.
- 6.18. Директорлар кеңесінің жиналысын ұйымдастырып дайындауды, директорлар кеңесінің жиналысын уәкілетті өткізу үшін кворум анықтауды ұжымдық хатшы құзыретіне Қоғам қызметін ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету кіретін құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп жүзеге асырады.
- 6.19. Директорлар кеңесінің жиналысын уәкілетті өткізу үшін кворумды анықтау тәртібі Қоғам жарғысында анықталады.
- 6.20. Қоғам директорлары кеңесінің әр мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер өзгесі қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Жарғымен қарастырылмаған болса, жиналысқа қатысатын директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Қоғам директорлар кеңесі мүшесінің дауысын басқа тұлғаға, оның ішінде Қоғам директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беру рұқсат етілмейді. Директорлар кеңесінің мүшелері ол болмаған жағдайда директорлар кеңесінің қандай да бір жиналысына қатысуы үшін өкілін тағайындау құқығына ие болмайды. Дауыстар теңдігі жағдайда директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.21. Директорлар кеңесіне мүшенің директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе жартылай келіспегені жағдайда, ол өзінің келіспеушілігін дауысқа салуға шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір түрінде жазуға міндетті, ол ұжымдық хатшымен ашық тәртіпте өткізілетін директорлар кеңесінің жиналыс хаттамасында белгіленеді. Директорлар кеңесінің шешімді сырттай дауыс беру жолымен қабылдағаны жағдайда директорлар кеңесіне мүшенің ерекше пікірі жазбаша нысанда берілуі және толтырылған бюллетеньге қоса берілуі керек.
- 6.20. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық жиналысты өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы болады.
- 6.21. Ашық тәртіпте оның жиналысында қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысанда оны өткізгеннен кейін 3 (үш) күннен кешіктірмей құрылады және оған жиналыста төрағалық еткен тұлға мен ұжымдық хатшы қол қояды.
- 6.22. Директорлар кеңесінің жиналыс хаттамасында мыналар көрсетіледі:
 - 1) Қоғам басқармасының толық атауы және орналасқан орны;
 - 2) Жиналысты өткізу күні, орны (мекен-жайын қоса) және уақыты;
 - 3) Жиналыстың күн тәртібі;

- 4) Жиналысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 5) Директорлар кеңесінің жиналысына қатысқан тұлғалар баяндамалары;
- 6) Дауысқа салынған мәселелер мен олар бойынша дауыс беру қорытындылары, атаулы дауыс беру нәтижелері;
- 7) Директорлар кеңесі мүшелерінің айрықша пікірлері;
- 8) Қабылданған шешімдер;
- 9) Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа мәліметтер.

6.23. Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасының қалауы бойынша директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Бұл жағдайда жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс беру үшін бюллетеньдер қабылданады. Сырттай дауыс беру арқылы шешім бюллетенде белгіленген мерзімде алынған кворум болуы жағдайда қабылданған болып танылады.

6.24. Бюллетень осы ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылады және онда мыналар болуы керек:

- 1) Қоғамның толық атауы және оның орналасқан орны;
- 2) Дауысқа шығарылатын сұрақтарды қалыптастыру және олар бойынша шешімдер;
- 3) Дауыс беру нұсқалары, әр мәселе бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды»;
- 4) Ерекше пікір;
- 5) Ол бойынша толтырылған бюллетеньдер берілуі керек пошта мекен-жайы;
- 6) Бюллетендерді қабылдауды аяқтау күні.

6.25. Директорлар кеңесі сырттай жиналысының шешімі осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жазбаша түрде бюллетендерді қабылдау күні аяқталғаннан және Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы және ұжымдық хатшысы қол қойғаннан кейін 3 (үш) күннен кешіктірмей ресімделуі керек. Шешімді ресімдеген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне оның негізінде осы шешім шығарылған бюллетеньдер көшірмелері қоса беріліп жіберілуі керек.

Директорлар кеңесі сырттай жиналысының шешімінде мыналар көрсетіледі:

- 1) Сырттай дауыс беруге шығарылған мәселелер;
- 2) Әр мәселе бойынша шешім түрлері;
- 3) Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірі;
- 4) Әр мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері, әр дауыс нәтижелері.

6.26. Қоғамның ұжымдық хатшысы директорлар кеңесінің ашық және сырттай жиналыстары хаттамалары мен шешімдерінің дұрыс құрылуына жауапты болады.

6.27. Директорлар кеңесі ашық және сырттай жиналыстарының хаттамалары мен шешімдері ұжымдық хатшыда күнтізбелік жыл бойына сақталады, ол біткеннен кейін Қоғам мұрағатына тапсырылады. Директорлар кеңесі ашық және сырттай жиналыстарының хаттамалары мен шешімдеріне күнтізбелік жылға реттік

нөмірлер беріледі. Қоғамның ұжымдық хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін директорлар кеңесі жиналысының хаттамалар/шешімдерінің түпнұсқасын беруге және (немесе) оған Қоғамның мөрі және өз қолымен расталған хаттамалар мен шешімнен көшірмелер беруге міндетті.

7. Жиректорлар кеңесінің комитеттері

7.1. Директорлар кеңесінде мына мәселелер бойынша директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) Стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар;
- 3) сыйақы;
- 4) ішкі аудит;
- 5) әлеуметтік мәселе;
- 6) бизнес жоспарлау;
- 7) ұжымдық басқару;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа мәселелер.

7.2. Директорлар кеңесі комитеттерін құру және жұмыс істеу тәртібі, сандық құрамы, сондай-ақ олардың Қоғамның директорлар кеңесімен өзара әрекет ету процедуралары үздік әлемдік практикаға сәйкес әзірленетін, листингтік компанияларда қолданылатын және директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

8 Қоғамның ұжымдық хатшысы

8.1. Директорлар кеңесінің жұмысын Қоғамның ұжымдық хатшысы қамтамасыз етеді, оны директорлар кеңесі тағайындайды, оның мәртебесі, құқығы мен міндеттемелері Жарғымен, Кодекспен, Қоғамның ұжымдық хатшысы туралы ережемен анықталады.

8.2. Ұжымдық хатшының негізгі міндеттемелері:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесінің жиналысына күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды уақтылы қалыптастыруды, директорлар кеңесі мүшелерінің шынайы және нақты ақпаратты алуын қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесі жиналысын дайындауды жүргізу;
- 3) Директорлар кеңесі жиналысына материалдарды дайындау кезінде қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне әдістемелік және басқа қажетті көмек көрсету;
- 4) Директорлар кеңесі мүшелеріне директорлар кеңесі жиналысының өткізілуі туралы осы ережемен белгіленген тәртіп пен мерзімдерде хабарлау;
- 5) Директорлар кеңесі жиналысының хаттамаларын жүргізу және құру;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Кодекспен, осы Ережемен, сондай-ақ Қоғамның ұжымдық хатшысы туралы ережемен

карастырылған басқа да қызметтерді орындау.

8.3. Ұжымдық хатшының негізгі құқықтары:

- 1) Қоғамның лауазымды тұлғаларынан директорлар кеңесі жиналысына материалдарды дайындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттар беруін талап ету;
- 2) Қоғам органдары немесе лауазымдық тұлғалары тарапынан ұжымдық процедуралардың бұзуымен немесе сақтамауымен байланысты Қоғамның директорлар кеңесі төрағасына тікелей хабарласу.

9. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

9.1. Қоғамның жылдық есебін және біріктірілген қаржы есебін берген кезде директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына олар бойынша шешімдер директорлар кеңесімен немесе басқармамен қабылданатын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса директорлар кеңесі мен басқарма жұмысы туралы есеп беруі керек.

9.2. Директорлар кеңесі жыл сайын кезекті қаржы жылы аяқталған күннен бастап бір айлық мерзімде өз жұмыстарына, оның комитеттері мен директорлар кеңесінің әр мүшесінің жұмысына жан-жақты бағалау жүргізуі керек. Бағалау мен директорлар кеңесіне тиісті ұсынымды беруді директорлар кеңесінің кадрлар мәселесі және сыйақы комитеттері жүзеге асырады. Директорлар кеңесі мүшелеріне жеке бағалауды жүзеге асыру мақсатында директорлар кеңесінің әр мүшесі директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлес қосатынын тексеру, сондай-ақ өз қызметтерін орындауға дайындығын көрсететін тексеруден тұрады (директорлар мен комитеттер кеңесінің жиналыстарына қатысу міндеттемелерін, сондай-ақ кез келген басқа міндеттемелерді қоса).

9.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында директорлар кеңесі қызметіне бағалау нәтижелері тыңдалады.

10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу

10.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының көлемі туралы мәліметті жариялайды. Есепті кезең ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақының көлемі туралы мәліметтер акционерлердің жалпы жылдық жиналысына қатысатын акционерлер үшін дайындалатын жылдық есепте міндетті түрде жариялануы тиіс.

10.2. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде директорлар кеңесінің мүшелерінің өз міндеттемелерін орындау кезеңіне оларға сыйақы төлейді, сондай-ақ олардың директорлар кеңесінің мүшелері және директорлар кеңесі комитетінің мүшелері қызметін орындауымен байланысты шығындары өтеледі.

- 10.3. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар директорлар кеңесі мүшелерімен келісімде ескеріледі және екі бөлімнен тұрады:
- 1) Белгіленген сыйақы;
 - 2) Қоғамның қызметінің нәтижелілігіне және директорлар кеңесінің әр мүшесінің оларға жетудегі үлесін бағалауға, сондай-ақ директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысқанына, директорлар кеңесі төрағасының міндеттемелерін орындауына байланысты төленуі мүмкін қосымша сыйақылар.
- 10.4. Директорлар кеңесінің және оның әр мүшесінің жұмысы директорлар кеңесінің кадрлар және сыйақылар мәселелері бойынша комитеттер әзірлейтін өлшемдерге сәйкес бағаланады.

11. Қорытынды ережелер

- 11.1. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.
- 11.2. Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғының немесе Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Ереженің нормалары олармен қарама-қайшылыққа келген жағдайда Ереженің ондай нормалары күшін жояды және Ережеге тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, Жарғы және Кодекс басшылыққа алынуы қажет.

ХАТТАМА № (РЕТТІК НӨМІРІ КӨРСЕТІЛЕДІ)

Астана қ.

(жиналыс өткен күн көрсетіледі)

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының басқармасы орналасқан орын (бұдан әрі – Қоғам): (Қоғамның заңды мекен-жайы көрсетіледі).

Қоғамның директорлар кеңесінің жиналысын өткізу орны: (жиналыс өтетін мекен-жай көрсетіледі).

Қоғамның директорлар кеңесінің жиналысы ашылды (жиналысты өткізу уақыты көрсетіледі).

Жиналысқа Қоғамның директорлар кеңесінің мына мүшелері қатысты:

Директорлар кеңесінің төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымы)

Қоғамнан шақырылғандар: (Қоғамнан шақырылған қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ шақырылғандар: (шақырылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

Үшінші тұлғалардан шақырылғандар: (шақырылатын тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

«Акционерлік қоғамдар туралы» қазақстан Республикасы Заңының 58-бабының 1-тармағына және Қоғам Жарғысының 12.25-тармағына сәйкес директорлар кеңесі, егер оның жиналысында Қоғамның директорлар кеңесіне мүшелердің жалпы санының кемі 2/3 жартысы қатысса, оның ішінде тәуелсіз директорлар санынан кемі 2/3 қатысса, шешім қабылдауға құқылы болады.

Қоғамның директорлар кеңесінің жиналысын өткізу үшін кворум бар.

Қоғам директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесі жиналысының

мынадай күн тәртібі қарауға ұсынылды:

1. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).

Дауыс берді

Төраға ұсынылған күн тәртібіне дауыс беруді ұсынды.

«Қолдау» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

«Қарсы» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері «қарсы» дауыс беру себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі).

«Қалыс қалды» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері «қалық қалып» дауыс беру себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі).

Дауыс бермеді - (олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері дауыс беруге қайтспау себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі.). Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның «акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес мәміле жасауға мүдделігі жағдайда дауыс беруге қатыспайды, ол туралы тиісті жазба түсіріледі.

Келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша (баяндамашының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі) ... Ол (күн тәртібі мәселесі бойынша баяндамашы берген мазмұнның қысқаша негізі беріледі) атап кетті.

Мәселені талқылауға (мәселені талқылауға қатысқандардың тегі, аты, әкесінің аты және олардың пікірлерінің қысқаша мазмұны келтіріледі) қатысты.

Күн тәртібі мәселелерін және ұсынылған материалдарды қарастырып (негізінде осы мәселе қоғамның директорлар кеңесі құзыретіне жататын Қоғам Жарғысының ережесі көрсетіледі) директорлар кеңесі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Қолдау» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

«Қарсы» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері «қарсы» дауыс беру себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі).

«Қалыс қалды» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері «қалық қалып» дауыс беру себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі).

Дауыс бермеді - (олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері дауыс беруге қайтспау себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі.). Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның «акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес мәміле жасауға мүдделігі жағдайда дауыс беруге қатыспайды, ол туралы тиісті жазба түсіріледі.

1. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
2. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
3. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).

Директорлар кеңесінің төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты)

Ұжымдық хатшы

(тегі, аты, әкесінің аты)

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетень

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының басқармасы орналасқан орын (бұдан әрі – Қоғам): (Қоғамның заңды мекен-жайы көрсетіледі).

ҚОҒАМ ДИРЕКТОРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ЖИНАЛЫСЫН ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ШАҚЫРДЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ КӨРСЕТІЛЕДІ).

Осы бюллетеньді Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынған күні (тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі): (күні көрсетіледі).

Қол қойылған бюллетень Қоғамның ұжымдық хатшысына қолма-қол берілуі керек тел.: (телефон көрсетіледі) дейін (уақыт пен күні көрсетіледі).

Күн тәртібі:

1. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша директорлар кеңесінің мүшелерімен шешім қабылданады:

1. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
 2. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
 3. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
- дауыс беру нұсқалары *

Т.А.Ә.	«қолдау»	«қарсы»	«қалыс қалды»	ЕСКЕРТПЕ**
Директорлар кеңесі мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі				

Ұжымдық хатшы

(тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі)

* Дауыс беру нұсқалары директорлар кеңесінің дауыс беруші мүшесінің қолымен белгіленеді.

Осы бюллетень бойынша дауыс, егер директорлар кеңесінің дауыс беруші мүшесімен дауыс берудің мүмкін нұсқаларының біреуі ғана белгіленген болса, ескеріледі.

** Ескертпеде олар бойынша директорлар кеңесінің мүшесі «Қарсы», «Қалыс қалды», дауыс беруге қатыспаған немесе жеке ескертуі болатын жағдайда себептері көрсетіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның «акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес мәміле жасауға мүдделігі жағдайда дауыс беруге қатыспайды, ол туралы тиісті жазба түсіріледі.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай жиналысының шешімі

Астана қ.

(жиналыс өткізілетін күн көрсетіледі)

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының басқармасы орналасқан орын (бұдан әрі – Қоғам): (Қоғамның заңды мекен-жайы көрсетіледі).

ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

Директорлар кеңесінің төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

ҚОҒАМ ДИРЕКТОРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ЖИНАЛЫСЫН ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ ШАҚЫРДЫ (ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ КӨРСЕТІЛЕДІ).

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңына және Қоғам жарғысына сәйкес Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасының қалауы бойынша Қоғамның дирекиторлар кеңесінің күн тәртібі мәселелері бойынша шешім қабылдауы тиісті үлгіде қол қойылған бюллетеньдерде дауыстарды есептеу негізінде сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырылады (қоса беріледі).

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерде белгіленген мерзімде қол қойылған бюллетеньдер Қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшелерінен алынды:

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне директорлар кеңесінің жиналысының мынадай күн тәртібі қарастыруға ұсынылды:

1. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібі мәселесі көрсетіледі).

шешім қабылдау үшін кворум бар.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша, ұсынылған материалдарды қарастырып, (негізінде осы мәселе Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне қатысты болатын Қоғам жарғысының ережесі көрсетіледі) сәйкес директорлар кеңесі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

«Қолдау» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі)

«Қарсы» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері «қарсы» дауыс беру себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі).

«Қалыс қалды» - (дауыс саны және директорлар кеңесі мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері «қалық қалып» дауыс беру себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі).

Дауыс бермеді - (олар бойынша директорлар кеңесінің мүшелері дауыс беруге қайтспау себептері немесе жеке ескертпелері көрсетіледі.). Директорлар кеңесінің мүшесі Қоғамның «акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 64, 71 және 73-баптарына сәйкес мәміле жасауға мүдделігі жағдайда дауыс беруге қатыспайды, ол туралы тиісті жазба түсіріледі.

1. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
2. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).
3. (Қоғамның директорлар кеңесі шешімінің тармағы көрсетіледі).

Директорлар кеңесінің төрағасы

(тегі, аты, әкесінің аты)

Ұжымдық хатшы

(тегі, аты, әкесінің аты)

(мәселе атауы) Мәселеге түсіндірме жазба

күні

Орны

Түсіндірме жазбада мыналар болуы керек:

1. Мақсаты
2. Міндеттері
3. Экономикалық әсер
4. Өткізілген сараптам а туралы ақпаратты ашып Директорлар кеңесі немесе акционерлер қарауына шығарылатын мәселенің қысқаша сипаттамасы (қаржы, заңды, техникалық)
5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестік
6. Шешім қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда негізгі проблемалар, тәуекелдер, мүмкін салдарлар

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

Қолы

Тегі, аты